

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1669 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы):

112-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Білім беру ұйымдарында оқып жүрген қызметкерлерге сынақтар мен емтихандарға дайындалу және тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау, әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасынан өту үшін оқу демалыстары беріледі.»;

256-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери қызметтегі адамдарға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде, әскери барлауға қарсы және әскери полиция органдарында, Республикалық ұланда, Ішкі істер

министрлігінің ішкі әскерлерінде және әскери-тергеу органдарында, төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдерінде және әскери прокуратура органдарында әскери қызмет өткеріп жүрген адамдар жатады.».

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы:

54-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«облыстық әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз ету және ұстау бойынша әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;»;

55-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«республикалық маңызы бар қаланың, астананың әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз ету және ұстау бойынша әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;»;

56-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«аудандық әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз ету және ұстау бойынша әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;».

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы):

15-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірлескен іс-әрекеттер нұсқаларын жоспарлайды.»;

17-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі әскерлер жеке құрамымен «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасақталады.».

4. «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 6, 45-құжат; № 14, 98-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 925-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы):

16 - бапта :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ауғанстанда және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, сондай-ақ жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді;»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қайтыс болған генералдардың, адмиралдардың және осы әскери қызметшілер ішінен зейнеткерлердің асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік

әлеуметтік жәрдемақылар алатын әйелдерінің, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тиісті жеңілдіктерге құқығы өмірінің соңына дейін сақталады.».

5. «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 19, 118-құжат; № 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 13-14, 144-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 11, 59-құжат):

1-баптағы үшінші бөлік алып тасталсын;

10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Күш жұмсау, арнаулы құралдар, атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы қолдану шарттары мен шектері

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің атыс қаруын, арнаулы құралдар тағынып жүруге, сақтау мен қолдануға, сондай-ақ күш жұмсауға құқығы бар. Олар арнаулы дайындықтан өтуге, күш жұмсауға, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдануға байланысты жағдайларда іс-әрекетке жарамдылығы жөнінен әлсін-әлі тексеруден өтіп тұруға міндетті.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкері, егер қорғанысы күзетілетін адамдарға, күзетілетін объектілерге немесе Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің өз басына төнген қатердің сипаты мен қаупіне сәйкес келсе, заңда көзделген жағдайларда күш жұмсауына, арнайы құралдарды, атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы қолдануына байланысты келтірген моральдық, материалдық залал мен дене жарақаты үшін жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің өкілеттігін асыра пайдаланып күш жұмсауы, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғады.»;

11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Күш жұмсау

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қауіп төндіретін қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықты тыйып тастау, оларды жасаған адамдарды ұстау, заңды талаптарға қарсы әрекеттерді жою үшін, егер күш жұмсалмайтын әдістер Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпейтін болса, күш жұмсауға, соның ішінде күрестің әскери тәсілдерін де қолдануға құқығы бар.»;

12-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің өздері жарактанған арнаулы құралдарды мынадай жағдайларда қолдануға құқығы бар:»;

4), 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне не осы Қызмет күзет шараларын қамтамасыз етуге тартқан басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

5) құқық бұзушыларды, Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлеріне немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсылық көрсеткен немесе өздеріне жүктелген қызмет міндеттерін жүзеге асыруына қасақана кедергі келтірген адамдарды ұстау үшін;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) егер күзетілетін адамдарға төнген анық қатерге басқа тәсілдермен жол бермеу мүмкін болмаса, жүргізушісі Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің талабын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін.»;

13 - бапта :

бірінші бөлікте :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы соңғы шара ретінде мынадай жағдайларда қолдануға құқығы бар:»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Президенттің Күзет қызметі қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ осы орган күзет шараларын қамтамасыз ету үшін тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;»;

екінші бөлікте :

бірінші, екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің атыс қаруын осыған қоса мынадай жағдайларда да қолдануға құқығы бар:

- егер жүргізушісі күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына анық қатер туғызса және Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің талабы бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату үшін;»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлері қару қолданған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен зардап шеккендерге дереу медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.»;

14-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Президенттің Күзет қызметінің кадрлары қызметкерлер мен азаматтық

қызметкерлерден тұрады.»;

15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызметте тұрған адамдар Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері болып табылады.

Күзетілетін адамдардың, Президенттің Күзет қызметі күзететін объектілер мен көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін министрліктерде, ведомстволарда және меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда олардың келісім бойынша белгіленген тәртіппен штаттағы қызметтерді атқару үшін Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері іссапарда болуы мүмкін.»;

17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қ ұ қ ы қ т ы қ ж а ғ д а й ы

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде өкімет өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкеріне оның жеке басы мен өкілеттілігін растау үшін қызмет куәлігі мен белгіленген үлгідегі жетон беріледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қызмет бабындағы жұмысына төте және тікелей бастықтарынан өзге ешкімнің де араласуға құқығы жоқ. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің заңды талаптары азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті. Олардың қызмет бабындағы міндеттерін атқаруына кедергі келтіру, абыройы мен қадір-қасиетін қорлау, оларға қарсылық көрсету, Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлеріне қатысты қоқан-лоққы жасау немесе күш көрсету, қызмет бабындағы жұмысын жүзеге асыруына байланысты олардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне қол сұғу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғады.

Заңға көрінеу қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған ретте Президенттің Күзет қызметінің қызметкері заңды басшылыққа алуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлері партияларда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде тұруға, сондай-ақ қандай да бір саяси партияны қолдап шығуға тиіс емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметі қызметкерлерінің өзгедей ақылы жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға хақысы жоқ.»;

18 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қызмет бабындағы міндеттері мен құқықтары»;

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлері:»;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін атқарған кезде қолданылып жүрген заңдарда көзделген шектерде және т ә р т і п п е н : » ;

үшінші, төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерінің күш жұмсауы, арнаулы құралдар, атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы қолдану осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлерін олардың қызмет бабындағы міндеттеріне қатысы жоқ функцияларды орындау үшін тартуға т ы й ы м с а л ы н а д ы . » ;

19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«19-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің жеке басының қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуының кепілдіктері

Президенттің Күзет қызметінің қызметкері қызмет бабындағы міндетін атқарған кезде оны әкімшілік тұрғысынан ұстауға, сондай-ақ оны тінтуге, оның өзімен алып жүрген заттарын, пайдаланатын көлік құралдарын тінтуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлеріне ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметті өтеудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

Қызметкерлердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнайы атағы бойынша айлықақыдан тұрады.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері Республика Үкіметі бекіткен норма бойынша заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Қызмет өткерген жылдары бойынша, науқастануына немесе жасына байланысты қызметтен босатылатын Президенттің Күзет қызметі қызметкерлерінің жеңілдіктерге құқығы сақталады.

Қызмет бабындағы міндетін атқаруына байланысты Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал кейіннен Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес кінәлі адамдардан сот арқылы толық көлемінде өндіріліп алына отырып, бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеледі.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысының айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жүзеге

а с ы р ы л а д ы . » ;

20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің жауапкершілігі

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлері қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлерін тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. » ;

22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық жабдықтау органдары және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жанындағы Шаруашылық басқармасы арқылы, сондай-ақ кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен әрі соның ішінде шетелдік ұйымдармен тікелей шарттар бойынша жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қарауындағы жер учаскелері, үй-жайлар, ғимараттар, жабдықтар мен басқа да мүлік мемлекет меншігі болып табылады. » .

6. «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы» 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына ((Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., № 11-12, 174-құжат; № 24, 436-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 1, 2-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 жыл, № 1, 7-құжат):

18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Республикалық ұланның әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.».

7. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2,



3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 2 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 маусымдағы Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы ) :

1) 99-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«99-бап. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорынан әскери қызметшілерге берілетін қызметтік тұрғын үйлердің құқықтық режимі

1. Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері; ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, жиырма үш жасқа толмаған күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек болған балалары; әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары -әскери қызмет өткеру кезеңіне тұрғын үймен Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорынан қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметші мен оның отбасы мүшелеріне қызметтік тұрғын үй осы заңда белгіленген көлемде беріледі.

Қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз өткенге дейін тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшіге оның баянаты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте тұрғын үйді жалдағаны (жалға алғаны) үшін мақсатты өтемақы төленеді.

2. Әскери қызметші осы елді мекенде онда және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде жеке меншік құқығында немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген өзге тұрғын үйі болмаған жағдайда тұрғын үйге мұқтаж деп танылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбелер бойынша жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы тұрғын үйлерді ұстау және орталықтандырып жылыту мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі.

4. Асыраушысынан айрылған әскери қызметшілердің отбасы мүшелері өтеусіз негізде басқа тұрғын үй бермей, тұрып жатқан тұрғын алаңдардан шығарылмайды.

5. Шетелге әскери қызмет өткеру үшін жіберілген әскери қызметшілердің тұрып жатқан тұрғын үйлері шетелде болған барлық уақытында сақталады.».

101-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қызметін өткерген кезеңде сол елді мекенде қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй берілген әскери қызметшілер он жыл әскери қызмет стажынан кейін, ал еңбек сіңірген жылдары, науқастануы немесе штаттың қысқаруы бойынша қызметтен босаған кезде қызмет мерзіміне қарамастан, оны (әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және өзге де жабық объектілерде орналасқан тұрғын үй-жайларды қоспағанда) жекешелендіруге құқылы.

Күнтізбемен есептегенде жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілердің тұрғын үй-жайды өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.

Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй берілген әскери қызметші қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне ө т е д і .

Осы тармақта көрсетілген жеңілдіктер бір рет қолданылады.

Көрсетілген жеңілдіктер кемінде жиырма жыл қызмет атқарған, әскери атақтарға ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылатын адамдарға да қатысты қолданылады.».

8. «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 15-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2009 жылғы 29 шілдеде «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 29 шілдеде «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңы):

1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әскери мақсаттағы тауарлар (өнім), жұмыстар және көрсетілетін қызметтер - қару-жарақ, әскери техника мен олардың оқ-дәрілері, әскери өнімнің өзге де түрлері, жұмыстар (оның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық), құжаттама , зияткерлік меншік құқығы объектілері және әскери-техникалық мақсаттағы ақпарат;»;

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнім), жұмыстар және көрсетілетін қызметтер - азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың мемлекеттік тапсырыс берушілері әскери мақсаттағы тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер ретінде пайдалануы не кейіннен

қайта бейімдеуі және пайдалануы мүмкін өнім мен технологиялар;»;  
7-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«1) Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңы қабылданғаннан кейін екі ай мерзімде осы мақсаттарға белгіленген шығыстар шегінде үш жыл кезеңіне арналған қорғаныстық тапсырысты бекітеді;».

9. «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 жылғы 11 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 12 ақпанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 6 а қ п а н д а ғ ы 3 а ң ы ) :

8-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«8. Қайтыс болу, партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру, әскери қызметке қабылдану саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып т а б ы л а д ы .

Әскери қызметке кірген жағдайда саяси партияға мүшелік автоматты түрде т о қ т а т ы л а д ы . » .

10. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж . , № 2 , 2 6 - қ ұ ж а т ) :

1-бап мынадай мазмұндағы 55) тармақшамен толықтырылсын:  
«55) әскери және қос мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарт - белгіленген және арнайы пайдалану мақсатында әскери мақсаттағы объектілерге қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін, мемлекеттік құпияларды құрайтын және таратылуы шектеулі мәліметтерден тұратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжат;

6-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:  
«14) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының мұқтажы үшін пайдаланылатын әскери және қос мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, келісу, қабылдау, есепке алу, өзгерту және күшін жою қағидаларын бекіту.»;

21-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:  
«5) әскери және қос мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттар.».

11. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2011 жылғы 11 наурызда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 12 наурызда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы; 2011 жылғы 23 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 н а у р ы з д а ғ ы

З а ң ы ) :

1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) әскери, әскери-әуе және әскери-теңіз атташелері - Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің қызметкерлері, дипломатиялық дәрежесі бойынша 2-сыныпты кеңесшілерге теңестірілген қорғаныс мәселелері бойынша кеңесшілер;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, әскери барлауға қарсы және әскери полиция органдары, Республикалық ұлан, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдері, әскери прокуратура органдары;»;

мынадай мазмұндағы 19-3) тармақшамен толықтырылсын:

«19-3) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарағы мен әскери техникасының кадастры - жарактандыруда тұрған қару-жарақ пен әскери техника, олардың сапалы сипаттамалары, тағайындалуы, шығарушы кәсіпорын, шығарылған күні, қаруландыруға қабылданған және алынған күні туралы деректер негізінде кезең-кезеңімен жасалатын мәліметтерді жүйелі жинақтау;»;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары - Қазақстан Республикасының аумағынан және одан тысқары жерлерде барлау қызметі шеңберінде жүргізілетін жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге уәкілетті, әскери, әскери-саяси, әскери-техникалық және әскери-экономикалық салада барлау ақпаратына қол жеткізу, оны өңдеу және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, міндеттерді орындау үшін жедел, ақпараттық-талдау, арнайы мақсаттағы, радиоэлектрондық күрес және радиоэлектрондық барлау бөлімшелерін пайдаланатын Қарулы Күштердің бөлімшелері

; » ;

5-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) жоғары әскери атақтар береді;»;

7 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) әскери оқу орындарын, жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын, әскери факультеттерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Жоғары оқу орындарындағы және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары жанындағы әскери факультеттерде әскери даярлық қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 26-1) - 26-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«26-1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери атташе аппараттары қызметкерлерінің іс-әрекетін және қызмет өткеру шарттарын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді ;

26-2) Меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;»;

9 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында әскери міндеттілерге бронь белгілеуді жүзеге асырады;»;

15-баптың 4-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен:»;

1 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қару-жарақпен қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге және қорғауға, әуе кеңістігін қорғауға, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күресуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналады.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Президенті шешімінің негізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға, сондай-ақ террорға қарсы операциялар жүргізу, Мемлекеттік шекараны күзетуді күшейту және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін тартылуы мүмкін.»;

20-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) азаматтарды әскери қызметке шақыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың әскери қызметке ерікті түрде келуі арқылы әскери қызметшілермен;»;

21-баптың 3, 4-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жоғарғы Бас қолбасшылықтың Ставкасы Қарулы Күштерді басқаруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы жүзеге асырады.

4. Қарулы Күштерді бейбіт уақытта басқаруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі жүзеге асырады.» ;

2 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің әскери құрамдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери барлау органдарының қызметін ұйымдастырады ;» ;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ведомстволық әскери оқу орындарына қабылдауды, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, әскери даярлықты жүзеге асыратын ведомстволық әскери оқу орындары мен басқа да білім беру ұйымдарының қызметін және оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады ;» ;

12-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады ;» ;

мынадай мазмұндағы 17) - 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

18) пайдаланылмайтын әскери мүлікке иелік етеді;

19) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қаруландыруға қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдау қағидаларын бекітеді ;

20) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарағы мен әскери техникасы кадастрын бекітеді;

21) әскери мақсаттағы ғарыш техникасы мен технологияларын құру саласындағы жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруды ұйымдастырады.» ;

2 3 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының функциялары»;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы:»;

2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы соғыс уақытында Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасының жұмыс органы болып табылады.»;

26-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындайды.»;

31-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Аумақтық қорғаныс міндеттерін орындау үшін жергілікті атқарушы органдар аумақтық қорғаныс құралымдарын құрады.».

12. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат; № 24, 149-құжат):

мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Әскери полиция органдарының құзыреті  
Әскери полиция органдары:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық бұзушылық профилактикасы бойынша бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) әскери қызметшілерге құқықтық тәрбие беруге қатысады;

3) құқық бұзушылықтар профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

4) құқық бұзушылық жасауға бейім әскери қызметшілерді профилактикалық есепке алуды жүргізеді және оларға профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

5) әскери бөлімдер және мекемелер қолбасшылығымен құқық бұзушылық профилактикасында өзара іс-қимыл жасайды;

6) өздеріне белгілі болған, өзге де құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;

7) қылмыстық қудалауды, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

13. «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 жыл, № 10, 46-құжат; 2011 жыл, № 1, 3-құжат):

2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сыртқы барлау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде, барлау қызметін жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сыртқы барлау органы арнайы мемлекеттік орган болып табылады, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштеріне жатады, нышаны, туы, ведомстволық наградалары мен төсбелгілері, нақты және шартты атаулары бар.»;

6-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі: әскери, әскери-саяси, әскери-экономикалық және әскери-техникалық салаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі әскери құрамдасының мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда; халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде елдің қорғаныс мүддесі саласында радиотехникалық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып шифрленген, құпияланған және өзге де арнайы байланыс түрлері саласында жүзеге асырады.»;

7-баптың 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) сыртқы барлау органының арнайы атақтар берілетін лауазымдарының тізбесін бекітеді.»;

8-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және қызметшілерін шифрлеу және оның ішінде осы мақсаттар үшін өзге де ведомстволық тиесілілікті пайдалана отырып, олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі шараларды іске асыру.»;

9 - б а п т а :

12-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) оның объектілерінде құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстау, оларды кейіннен құқық қорғау органдарына тапсыру.»;

16-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) сыртқы барлау органындағы қызметке немесе жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын іріктеу, арнайы тексеруден өткізу, кадрға есепке алынған қызметкерлердің және қызметшілердің мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратқа қол жеткізуін ресімдеу (қайта ресімдеу), оларды Қазақстан Республикасының оқу орындары мен ғылыми зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің оқу орындарында, оның ішінде арнаулы оқу орындарында даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.»;

20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«20) бөлімшелердің, объектілердің, үй-жайлардың, көлік құралдарының, қызметкерлердің, қызметшілер мен жасырын көмек көрсететін адамдардың ведомстволық тиесілігін шифрлейтін құжаттарды, өзге де әдістер мен құралдарды пайдалану»;

21) қызметкерлер мен қызметшілерді іссапарға, оның ішінде Қазақстан



Республикасынан тыс жерлерге жіберу;»;

мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құзыреті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құзыретіне осы Заңның 8-бабында көзделген ережелерден басқа, осы Заңның 9-бабының 3), 4), 7), 10), 14), 16) және 26-тармақшаларын қоспағанда, осы Заңның 9-бабының ережелері жатады.»;

13-17-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің кадрлары

1. Сыртқы барлау органының кадрларын қызметкерлер мен қызметшілер құрайды.

2. Сыртқы барлау органының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

3. Сыртқы барлау субъектілерінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде міндеттерін атқару кезінде қамауға немесе кепілге алынған, сондай-ақ бейтарап елдерге тұруға еріксіз жіберілген қызметкерлері мен әскери қызметшілері қызметкерлер мен әскери қызметшілер мәртебесін сақтайды. Сыртқы барлау субъектілерінің және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары халықаралық құқық нормаларына сәйкес аталған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

4. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері барлау қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін лауазымдық қызметке тұруы және олардың ведомстволық тиесілілігін ашпай әрі әскери қызметте, арнайы мемлекеттік органдардағы қызметте қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

Аталған органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыртқы барлау субъектілеріне тиесілілігі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

5. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері кадр есебінде, әрекет етуші резервте және запаста тұрады. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару мен арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға құқығы бар.

Сыртқы барлау органының басшысы қызметкерлердің жекелеген санаттарының сыртқы барлау органындағы қызметке алынғанға дейінгі еңбек өтілін олардың еңбек сіңірген жылдарына есептейді.

14-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы

1. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы осы Заңмен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен



ұйымдарында әскери даярлықтан өткен азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылған азаматтар қабылданады.».

15. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа қызмет көрсету орталықтарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

48-баптың 2 - 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының нұсқамалары бойынша жүзеге асырылады.

3. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялау облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының нұсқамасы бойынша жүзеге асырылады.

4. Әскери басқару органдары мен әскери бөлімдердің қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялау жөніндегі қызметіне жалпы басшылық жасауды және оны үйлестіруді «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының бұйрықтары негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жүзеге асырады.»;

49-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру жарияланған (толық немесе ішінара) кезде соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету шаралары ретінде реквизициялау қажет болған кезде реквизициялауға жататын мүліктің тізбесін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы айқындайды.»;

50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«50-бап. Соғыс уақытында қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялаудың ерекшеліктері

1. Соғыс уақытында соғыс іс-қимылдары жүріп жатқан және жергілікті атқарушы органдар жұмыс істемейтін аумақта қорғаныс мұқтажы үшін қажетті реквизициялауды, бұл туралы кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлай отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы дербес жүргізеді. Реквизициялауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жергілікті әскери басқару органдарына немесе әскери бөлімдердің командирлеріне (мекеме басшыларына) нұсқама береді.

2. Мүлікті алып қою реквизициялау туралы акт бойынша жүзеге асырылады, ол:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы нұсқамасының деректемелері көрсетілген реквизициялау жүргізу туралы негіздерді;

2) алып қоюды жүргізу уақыты мен орнын;

3) реквизициялауды жүргізетін лауазымды тұлғаның лауазымы, атағы және аты, сондай-ақ реквизициялауға уәкілетті тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың деректемелері көрсетілген, реквизицияланатын мүліктің иесі туралы, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағы, мөлшері, сапасы мен буып-түю түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар туралы мәліметтер көрсетілген реквизицияланатын мүліктің тізімдемесін;

5) мүлікті бағалау және өтем мөлшері туралы мәліметтерді;

6) реквизициялау және реквизицияланатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Жүргізілген реквизициялау туралы есеп жасалады, ол қоса берілген реквизициялау туралы актілермен бірге Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жіберіледі.

51-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әскери бөлімнің командирі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына реквизициялау туралы есеп пен актіні қоса бере отырып, жүргізілген реквизициялау туралы дереу хабарлауға міндетті.»;

52-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы реквизицияланған мүліктің меншік иелеріне кейіннен өтем жасау үшін мүлікті алып қоюды жүргізу есебін және реквизициялау туралы актілерді қоса бере отырып, қорғаныс мұқтажы үшін жүргізілген реквизициялау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне дереу хабарлауға міндетті.»;

53-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген реквизицияланған мүлікті есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және оны Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің Бас штабы ұйымдастырады.».

16. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

56-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мерзімді әскери қызметін өткеріп жүрген болса - осы қызметті өткеру аяқталғанға дейін немесе «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес одан босатылғанға дейін;».

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті                                      Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК